

**Коронавирустық инфекцияның ары қарай таралуына жол бермеу
мақсатында дәрілік затты ерекше сатып алуға
қатысу үшін шақыру**

«СҚ-Фармация» ЖШС (бұдан әрі – Бірыңғай дистрибьютор) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына, «Халықты мелекеттік медициналық қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі №182 қаулысының 1-тармағымен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 03 шілдедегі № 12-01-6/3471-И хатының негізінде, сізді осы шақырудың 1-қосымшасында көрсетілген, дәрілік заттарды сатып алуға қатысуға шақырады.

Осыған байланысты, Қағидалардың 20-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен дәрілік затқа қойылатын талаптарды растау үшін сізге Қағидалардың 212, 214, 368, 372-тармақтарына сәйкес Бірыңғай дистрибьюторға мынадай құжаттар ұсыну қажет:

1) осы шақыруға 1-қосымшада көрсетілген дәрілік затты сатып алуға қатысуға келісім берген өтінім-хат;

2) жеткізу мерзімін көрсете отырып, осы шақырудың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған және қол қойылған баға ұсынысы;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

4) заңды тұлға үшін жарғысының көшірмесі, егер құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе хабарландыру күнінен кейін берілген құрылтай шартының көшірмесі немесе қолданыстағы акция ұстаушыларының тізілімінен үзінді көшірме;

5) тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

6) дәрілік заттарды өндіруге немесе көтерме саудада өткізуге фармацевтикалық қызметпен айналысуға берілген лицензияның және оған қосымшаның көшірмесі;

7) өтінімдер ашылатын күннің алдындағы бір айдан аз уақытқа берілген салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, аударымдар және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екенін растайтын құжат;

8) егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының резиденті емес - әлеуетті өнім беруші салық есебінде тұрмайтыны туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс органы

хатының түпнұсқасы немесе көшірмесі;

9) осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес үлестестіктің жоқ екендігі туралы хат;

10) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өнім беру шартын бұзуға келісу туралы хат.

11) қолданыстағы құжаттың көшірмесі немесе сараптама ұйымының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, конверттерді ашу сәтіне мемлекеттік тіркелуін растайтын Мемлекеттік тізілімнің ақпараттық ресурсынан үзінді көшірме не тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және қолдануға уәкілетті орган рұқсатының нотариат куәландырған көшірмесі немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және қолдануға уәкілетті органның рұқсаты;

Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және өндірілген дәрілік заттарға әкелінуін және мәлімделген көлемнің болуын растайтын құжаттар ұсынылады: тауарды Қазақстан Республикасына әкелуін (кедендік жүк декларациясының нотариат куәландырған көшірмесі, хабарландыру шыққан күннен ерте емес қойма анықтамасы): отандық тауар өндірушілердің өндіруі (хабарландыру шыққан күнінен ерте емес қойма анықтамасын); заңнамада белгіленген тәртіппен берілген тауарлардың қауіпсіздігі туралы қорытындының көшірмесі;

12) тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) немесе тиісті өндірістік практика (GMP) сертификатының бар болған жағдайда;

13) сатып алуға мәлімделген дәрілік заттардың таңбалануы, тұтыну қаптамасы бойынша және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтың заңнама талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкестігі туралы кепілдік хат;

14) дәрілік заттардың жарамдылық мерзімінің осы Қағидалардың 20-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес өнім берушілердің беру күніне сәйкестігі туралы кепілдік хат.

Әлеуетті өнім берушілерден келіп түскен өтінімдер құжаттарды түпкілікті қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаралады, жеңімпаз ең төменгі баға негізінде анықталатын болады, қорытындылар хаттамасы Бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында орналастырылады.

Өтінім мен құжаттар 2020 жылғы 10 шілде сағат 15.00-ден кешіктірмей бір хабарламамен бір данада комиссия хатшысының asatenova@sk-pharmacy.kz электрондық мекенжайына, info@sk-pharmacy.kz қайталанып ұсынылуы тиіс көрсетілген уақыттан кеш түскен өтінімдер қаралмайды. Туындаған сұрақтар бойынша сіз Комиссия хатшысына +77017795114 немесе электрондық мекенжайға хабарласа аласыз.